8D02197 – «Хореография» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған Кукетов Берик Алпысбаевичтің «Қазақ хореографиясындағы ұлттық бірегейлік: жаңашылдық аясындағы дәстүр сабақтастығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

Ғылыми консультанттың

Қазақстан Республикасы Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының

профессоры, өнертану кандидаты,

Шанкибаева Алия Бахитжановнаның

ПІКІРІ

Кукетов Берик Алпысбаевичтың «Қазақ хореографиясындағы ұлттық бірегейлік: жаңашылдық аясындағы дәстүр сабақтастығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қазақ ұлттық биінің даму үдерістерін қазіргі заман тұрғысынан пайымдауға және түсінуге елеулі ғылыми маңызы бар зерттеу еңбегі болып табылады.

Хореографиялық өнердің Қазақстандағы қазіргі даму кезеңінде жаңа би ұжымдарының шығармашылығы және ұлттық бидің жаңа қойылымдық нұсқалары қалыптасып, өнер саласының мазмұндық әрі көркемдік аясын кеңейте түсуде. Алайда бұл үдеріс кей жағдайда ұлттық бидің бастапқы мағыналық мазмұны мен дәстүрлі бейнелік-эстетикалық канондарының ұмытылуына әкеледі. Осы тұрғыдан алғанда, ұзақ уақыт бойы бастапқы қалпын сақтап, ұлттық өнердің алтын қорын құрайтын бес ұлттық биді жан-жақты талдау олардың тарихи-мәдени және көркемдік мәнін жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар аталған билердің дәстүрлі негіздерін ғылыми тұрғыдан зерделеу, олардың мазмұнын қазіргі уақыттағы көзқараспен түсіну, Қазақстанның қазіргі заманғы би өнерінің одан әрі дамуына жаңа серпін беріп, ұлттық хореографиялық мұраны заманауи шығармашылық үдерістермен сабақтастыра дамытуға негіз бола алады.

Зерттеудің өзектілігі аталған билердің ұлттық басымдықтар мен қоғамның ұлттық бірегейлігін нығайтқыш негізі ретінде талдау қажеттілігімен анықталады. Бұл метамодернизм кезеңіндегі ұлттық би пластикасының интерпретациялану ерекшеліктерін зерделеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында талданатын билердегі ұлттық бірегейліктің көріністерін зерттеу мақсатында диссертант примордиализм, конструктивизм және инструментализм ағымдардың әдістерін қолданған. Нәтижесінде ұлттық хореографияны талдаудың жаңа құралын қалыптастыруға мүмкіндік туған. Диссертант пайдаланған салыстырмалы, антропологиялық, онтологиялық, феноменологиялық, герменевтикалық, эвристикалық және эмпирикалық әдістер ғылыми талдаудың неғұрлым тиімді бағыттарын айқындауға және зерттеу барысында қойылған міндеттерді шешуге ықпал етті. Бұл әдістер метамодерн кезеңіндегі ұлттық бірегейліктің мәнін және оның көрініс формаларын неғұрлым дәл айқындауға, сондай-ақ зерттеу тұжырымдарын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берген.

Осылайша, диссертант зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығын және қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдарды баяндап, оларды төмендегідей тұжырымдаған:

1. Үш ағымның (примордиолизм, конструктивизм, инструментализм) зерттеу әдіснамасы негізінде қазақ биіндегі ұлттық бірегейлік көрінісін және ерекшеліктерін кешенді зерттеу моделі жасалынды.

2. Зерттеу моделін тиімділігін көрсету барысында, антропология, онтология және метатіл зерттеуінің әдістері жүйелі түрде қолданысын тапты.

3. Хореографияның «метахореография» зерттеу амалдары арқылы «Айгөлек» және «Балбырауын» дәстүрлі билер ретінде қазақ мәдениетіндегі құндылығы анықталды

4. «Қара жорға» және «Буын билерінің» тұп тамырының біртұтастығын, ұлтымыздың мәдениетіне тиесілі екені және көне тарихтағы Ұлы Жібек жолының рөлі, қазақ би өнерінде маңызды орын алғандығы анықталды.

5. «Қамажай» биі онтологиялық бағдарланған тәсіл негізінде қазақ мәдениетінде мұралық қор ретінде нақтыланды.

6. Онтолгиялық бағдарланған тәсілінің негізінде анықталған элементтер: би стильдері, символизм, музыкалық элементтер, атрибуттар, позалар, рәсімдер дәстүрлі билерді зерттеуде жаңа қолданысын тапты.

7. Қазақ өнеріне ортақ болған «одағай сөздердің» қолданысы, ұлттық мәдениет пен би тілін зерттеудегі маңыздылығы сонымен қатар, ұлттық бірегейліктің ерекше көрінісі ретінде дәлелденді.

8. Метамодернизм кезеңіндегі қазақ неохореографиясының парадигмалық негіздері: түйсік, әуен, сақна кеңістігіндегі жаңа технологиялардың қолданысы, көңіл білдіру ишараттары екендігі анықталды.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты, міндеттері және қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдары нақты әрі түсінікті тұжырымдалған және қорғауға ұсынылып отырған жаңа ғылыми нәтижелердің өзара сабақтас жиынтығын қамтиды.

Диссертант әзірлеген ұлттық биді зерттеу жүйесі отандық ұлттық хореографиялық өнер саласындағы зерттеулерді ғылыми-теориялық тұрғыдан байытудың негізгі өлшемдерінің бірі болып табылады. Бұл жүйе жалпыұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып саналатын қазіргі ұлттық хореографияның дамуына да белгілі бір деңгейде ықпал етеді.

Кукетов Берик Алпысбаевичтың «Қазақ хореографиясындағы ұлттық бірегейлік: жаңашылдық аясындағы дәстүр сабақтастығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми зерттеу жұмысын жазуға қойылатын талаптарға сәйкес орындалған және ғылыми дәрежелерді беру қағидаларының талаптарына толық жауап береді.

Диссертациялық жұмыс диссертанттың өз бетінше орындаған ғылыми еңбегі болып табылады және 8D02197 – «Хореография» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін алу үшін қорғауға жіберілуге лайық.

Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясының
«Сахна пластикасы және дене тәрбиесі»
кафедрасының профессоры,
өнертану ғылымдарының кандидаты Шанкибаева А.Б.

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ
ҚАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ИСКУССТВ ИМЕНИ ТЕМИРБЕКА ЖУРГЕНОВА
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІ
ОТДЕЛ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ
РАСТАЙМЫН
ЗАВЕРЯЮ